

қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.

36. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі апелляцияға қарастырылмайды.

37. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

38. Шығармашылық мамандықтарға түсетін тұлғалар тестілеудің екі пәнінің ұпайы есептеледі: мемлекеттік немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы.

39. Шығармашылық/арнайы/ емтихан қабылдаудың балдық жүйесі

Әріптік баға	Балдың сандық эквиваленті	Балл саны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	5	21-25	өте жақсы
B+	4	15-20	жақсы
C+	3	10-14	қанағаттанарлық

3. Нормативтік талаптар

«Дінтану» мамандығы қоғамдық маңыздылығы бар феномен ретінде жалпы жүйелік білім беретін пәндер қатарына жатады.

Түсу емтихандарының бағдарламасы мен тапсырмалары шығармашылық қабілеттері бар, алғашқы діни сауатқа ие тұлғаларды толық таңдау мақсатында құрылған.

Осы мамандықтарға түсу үшін талапкерлер арнайы пәндер бойынша 2 шығармашылық емтихан тапсырады:

1. Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу;

2. Дін негіздері бойынша ауызша емтихан.

Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесуден талапкердің діни білім деңгейі дайындығының деңгейін бағалауға, сонымен қатар, ең маңыздысы, қабілетті және талантты талапкерлерді таңдап алуға мүмкіндік береді.

Дін негіздері бойынша ауызша емтихан талапкерлердің берілген бастапқы дінтанушылдық қабілеттерін айқындауға, олардың діни білімдерін толық көрсетуге мүмкіндіктерін береді.